«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

08-К-84/94
22.08.19.

«Қонды баева Р.Д.» ЖК-нің директоры Р.Қонды баеваға
Маңғыстау облысы., Ақтау қ., 29-32-32.

Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (*бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 02.08.2019 жылғы №51564 *(02.08.2019ж. №ЖТ-К-84 кіріспен тіркелген)* «Атырау облысы Жұмыспен қамтуды ұйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* коммуналдық мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №3503188-2 «Установка мини спортивной площадки оснащение футбольным, баскетбольным, волейбольным оборудованием» электронды конкурсына қатысты шағымыңыз бойынша камералдық бақылау жүргізіліп, төмендегіні хабарлайды:

ҚР ҚМ 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Ереженің *(әрі қарай -Қағида)* 155 тармағында *«Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.*

Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын

жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды» деп аталған.

Сонымен қатар, Қағиданың 4 қосымшасына сәйкес бекітілген конкурстық құжаттаманың *(бұдан әрі - КҚ)* 5 қосымшасына сәйкес бекітілген біліктілігі туралы мәліметтің 2 тармағында *«растайтын құжаттардың (болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) орындаған жұмыстардың көлемі»* көрсетіледі делінген.

Сондай-ақ, КҚ-ның 5 қосымшасына сәйкес бекітілген біліктілігі туралы мәліметтің ескертпесінің 3 тармағында *«Орындалған жұмыс актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады»* деп атап көрсетілген.

Камералдық бақылаумен, Сіздің конкурстық өтініміңізде ұсынылған біліктілігі туралы мәліметте көрсетілген орындаған жұмыстар бойынша растаушы құжаттардың көшірмелері ұсынылмағандығы анықталды.

Осы ретте, конкурстық комиссиямен Сіздің конкурстық өтініміңізге жұмыс тәжірибесі үшін 0 пайыз көлемінде шартты жеңілдіктің берілуі мемлекеттік сатып алу заңнамаларына қайшы емес.

Сондай-ақ, камералдық бақылау ҚР Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қағидасының 19 тармағының 2 абзацына сәйкес жүргізілді.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 7 тармағына және ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабына талаптарына сәйкес шағымдануға, соның ішінде жоғары тұрған органға шағымдануыңызға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Департамент басшысы **Г.Жазетов**

Орын: А.Садыкова
Тел: 8 7122 319042